
<table>
<tr><td>Бөлім:</td><td colspan="3">2-болім: Жаһандану мәселелері . Стилистика</td></tr>
<tr><td>Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты</td><td colspan="3">Халбаева Д.М.</td></tr>
<tr><td>Күні:</td><td colspan="3">06.10.2026</td></tr>
<tr><td>Сынып: 9А</td><td>Қатысушылар саны:</td><td colspan="2">Қатыспағандар саны:</td></tr>
<tr><td>Сабақтың тақырыбы:</td><td colspan="3">Жаһанданудың артықшылықтары мен кемшіліктері</td></tr>
<tr><td>Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:</td><td colspan="3">9.2.4.1 әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау;
9.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, көтерілген мәселе бойынша екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылау, біреуіне таңдау жасап, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе)</td></tr>
<tr><td>Сабақтың мақсаты</td><td colspan="3">Әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдайды. эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, көтерілген мәселе бойынша аргументативті эссе жаза алады.</td></tr>
</table>

Сабақтың барысы



Сабақтың кезеңі// уақыты	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басталуы 5 минут Сабақтың ортасы 15 минут	Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу. 1.Психологиялық ахуал қалыптастыру **«Жүректі тазарту»** 2.Сабақтың тақырыбы мен оқу мақсатымен таныстыру; **1-тапсырма** 2-тапсырмадағы тыңдалым және 6-тапсырмадағы оқылым мәтіндерінің тақырыбын, қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстырыңдар. **Қорытындылау**	**Психологиялық ахуал** **«Жүректі тазарту»** Оқушыларға таза парақшалар таратылады. Оған дәл қазіргі кездегі ойындағы кірбіңді, реніштті, қолайсыз көңіл күйді жазу ұсынылады. Жазып болған соң, қоқыс жәшігіне тастайды. Осылайша барлық жағымсыз көңіл күйден арылып, тазарған жүрекпен, көтеріңкі көңіл күймен сабақ басталады. Оқулықтағы тыңдалым және оқылым мәтіндерінің тақырыбын, қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстырады.	Талқылау кезінде оқушылардың айтылған пікірлері мен көзқарастары ***ауызша мадақтау*** арқылы бағаланып, сабақтың келесі кезеңінде белсенді қатысуына ынталандырады *Жарайсың!* *Керемет шешім!* *Ойлы шешім!* *Мұндай ойлы пікірлерді ешқашан естімеппін!* Дескрптор Білім алушы *-мәтіндердің ұқсастығын анықтайды;* *- мәтіндердің тақырыбы мен қызметіндегі айырмашылық ты көрсетеді;* *- құрылымы мен тілдік*	Оқулық 9-сынып «Мектеп» баспасы 2019жыл Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы 9-сынып

Екі мәтіннің ұқсастықтары **Тақырыбы** **Қызметі** **Тілдік ерекшелігі**	
1 -мәтін	**2-мәтін**
Мәтіннің тақырыбы	
Мәтіннің қызметі	
Мәтіннің құрылымы	
Мәтіннің тілдік ерекшелігі	

8 минут Сабақтың соңы 5 минут	Тыңдалым және оқылым мәтіндеріне сүйеніп, «Жаһандану...» сөзге «ПОПС» формуласы бойынша өз тұжырымыңды білдір. Бірінші сөйлем: «Менің ойымша,….» Екінші сөйлем: «Себебі, мен оны былай түсіндіремін…» Үшінші сөйлем: «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын….» Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім…» **3-тапсырма** Массагет жастар порталында «Жаһандану ежелден келе жатқан тарихи үдеріс пе, әлде бұл тек қана XXI ғасырдың дүбірі ме?» деген сауал қойылған екен. Сіз қалай ойлайсыз? Екі жақты пікірдің бірін таңдап, аргументативті эссе жазыңыз. **Үй тапсырмасы:** 5-тапсырма **Рефлексия**  	Тыңдалым және оқылым мәтіндеріне сүйеніп, «Жаһандану...» сөзге «ПОПС» формуласы бойынша өз тұжырымдарын білдіреді. Баспалдақ» әдісі бойынша оқушылар өзін-өзі қандай деңгейде тұрғанын анықтап, бұл сабақты игере алған немесе игере алмағанын айтады.	*ерекшеліктерін салыстырады.* Тапсырмалар ды ноутбук арқылы бағалау  Дескрптор Білім алушы - эссе құрылымы мен даму желісін сақтайды; - көтерілген мәселе бойынша жағдаятты талқылайды; - біреуіне таңдау жасайды; - өз ойын дәлелдеп жазады.	Оқулық 9-сынып «Мектеп» баспасы 2019жыл

Бөлім:	2-бөлім: Жаһандану мәселелері . Стилистика		
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты	Халбаева Д.М.		
Күні:	25.09.2026		
Сынып: 9А	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:	Жаһандану және ел тағдыры		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:	9.1.4.1 мәтіннің мақсаты арқылы негізгі ойды анықтау; 9.4.3.1 стильдік ерекшеліктерге сай тілдік бірліктердің дұрыс қолдана білу		
Сабақтың мақсаты	Мәтіннің мақсаты арқылы негізгі ойды анықтай алады. Стильдік ерекшеліктерге сай тілдік бірліктерді дұрыс қолдана алады.		


Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі// уақыты	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басталуы 5 минут	Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу. 1.Психологиялық ахуал қалыптастыру **Топтарға бөлу.** Себетпен конфет әкелу. Оқушыларға себеттен конфет алуларын сұраймын. Конфет алған оқушы қарама-қарсы тұрған сыныптасына тілек айтады. Конфеттің түрлеріне қарай 3 топқа бөлініп отырады. **Ой шақыру** **1-тапсырма** 1.Мына суреттерден қандай ой түйдіңдер?   2. Жаһандану сөзін естігенде ойыңа не келеді? Өз ойларыңды білдіріп, сызбаны толтырыңдар.  Сабақтың тақырыбы мен оқу мақсатымен таныстыру;	**Психологиялық ахуал**  Жаһандану туралы білетін ақпараттарын айтып, ой бөліседі. **2-тапсырма**	Талқылау кезінде оқушылардың айтылған пікірлері мен көзқарастары ***ауызша мадақтау*** арқылы бағаланып, сабақтың келесі кезеңінде белсенді қатысуына ынталандырады *Жарайсың!* *Керемет шешім!* *Ойлы шешім!* *Мұндай ойлы пікірлерді ешқашан естімеппін!*	Оқулық 9-сынып «Мектеп» баспасы 2019жыл Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы 9-сынып

35 минут	**2-тапсырма** Үнтаспадан 4 –аудиомәтінді тыңдаңдар. **Жаһандану мәселелері 122-бет** **1-топ:** Мәтінді тыңдап, берілген кестені толтырыңдар. **2-топ:** **Б.** Мәдениетті ел мен өркениетті елдің аражігін ажыратыңдар. **3-топ:** Өздеріңнің жаһандану жайлы ойларың мен мәтіндегі ойды салыстырыңдар. Не қостыңдар? Не алдыңдар? **5- тапсырма** Мәтіндегі негізгі ойды жеткізу үшін сөйлемді аяқтаңдар. 1.Өзіңді өзгеге ұқсату, соған еліктеу – 2. Өз мәдениетіңді, тіліңді, ой-пікіріңді жетілдіру - ***Кері байланыс:*** Тапсырманы орындау барысында не қиын болды? Ең пайдалысы не болды? **ТІЛДІК БАҒДАР** **Көркем әдебиет стилі** Көркем әдебиет стиліне тән ерекшеліктер: 1) Образды сөздер мол қолданылады. 2) Экспрессивті сөздер мол болады.	**Кіріспе** Адамдардың ғаламдануға дайындығы **Негізгі бөлім:** Ғаламдану туралы таным-түсінік. **Қорытынды бөлім:** Қазақстан мемлекетін алдыңғы қатарлы алып елге айналдыру – біздің ендігі міндетіміз. **Мәтіннің негізгі ойы -** Ғаламдануға ілесе білу, Қазақстан мемлекетін алдыңғы қатарлы алып елге айналдыру. **Б.** **Мәдениетті ел**- рухани-адамгершілік құндылықтары дамыған ел. Негізі - тәрбие, салт-дәстүр, тіл, әдебиет, өнер. Мәдениетті елдің негізгі өлшемі - адамның ішкі мәдениеті, әдептілігі, мінез-құлқы. **Өркениетті ел** -ғылым, технология, құқық, экономикасы дамыған ел Негізі -инфрақұрылым, заң үстемдігі, инновация, тәртіп . Өркениетті елдің негізгі өлшемі - қоғамдық жүйенің ұйымдасқандығы мен даму деңгейі Екі ұғым бір-бірін толықтырады, бірақ мазмұны мен басым бағыттары әртүрлі. 1.Өзіңді өзгеге ұқсату, соған еліктеу –галамнан жогалу 2. Өз мәдениетіңді, тіліңді, ой-пікіріңді жетілдіру – галамга еліңді таныта білу.	Дескриптор Білім алушы - мәтін бөліктерінің жазылу мақсаттарын көрсетеді; - мәтіннің негізгі ойын анықтайды, -берілген екі сөздің аражігін ажыратады, -өз ойы мен мәтіндегі ойды салыстырады, -жаңадан қандай ақпарат қосқанын талдайды,. **Өзара топтық бағалау** **1-топ:** Ертегі құрастыру арқылы бағалайды. **2-топ:** Алғыс хат беру арқылы бағалайды. **3-топ:** Келесі топқа “SMS” жазу арқылы бағалайды. **4-топ:** 1-топты Құттықтау хат арқылы бағалайды.	Оқулық 9-сынып «Мектеп» баспасы 2019жыл

Мәтін бөліктері	Мақсаты	Мәтіннің негізгі ойы
Кіріспе		
Негізгі бөлім		
Қорытынды		


Біздің жаһандану жайлы бұрыннан білетін ақпараттарымыз	Мәтіндегі жаһандану жайлы ақпараттар	Біздің жаңадан қосқан ақпаратымыз


Сабақтың соңы 5 минут	3) Мәтінге ритм, интонация әсерлілік құру үшін көп жұмсалады. . 4) Шығарма тартымды болу үшін синоним сөздер, грамматикалық амалдар көп пайдаланылады. **Жеке жұмыс** 2-тапсырмадағы мәтін қай стиль түріне жатады? 1.Стиль түрі 2.Орны 3.Мақсаты 4.Сипаты 5.Тілдік құралы **Үй тапсырмасы: 3-тапсырма** **Рефлексия**  	Мәтіннің қай стиль түріне жататынын анықтап, кестені толтырады. Желкенді жасыл, сары, қызыл түске бояу арқылы сабақ барысындағы көңіл күйлерін жеткізеді. Рефлексия жасайды.	Дескриптор Білім алушы *-стиль түрін анықтайды,* *- қолданылу орнын атайды,* *-мақсатын түсіндіреді,* *-сипатын түсіндіреді,* *-тілдік құралдарына талдайды.* «	

Бөлім:	2-бөлім: Жаһандану мәселелері . Стилистика	
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты	Халбаева Д.М.	
Күні:	29.09.2026	
Сынып: 9А	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Жаһанданудың бүгінгі бағыты	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:	9.2.4.1 әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау; 9.4.3.1 стильдік ерекшеліктерге сай тілдік бірліктердің дұрыс қолдана білу	
Сабақтың мақсаты	Әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдайды. Стильдік ерекшеліктерге сай тілдік бірліктердің дұрыс қолданады.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі// уақыты	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басталуы 5 минут	Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу. 1.Психологиялық ахуал қалыптастыру **«Жүректі тазарту»** 2.Сабақтың тақырыбы мен оқу мақсатымен таныстыру; **6-тапсырма(оқулықтан)** Мәтінді түсініп оқыңдар. Өткен сабақтағы тыңдалым (122-бетте) және оқылым мәтіндерінің тақырыбын, қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстырыңдар. Екі мәтіннің ұқсастықтары Тақырыбы Қызметі Тілдік ерекшелігі	**Психологиялық ахуал** **«Жүректі тазарту»** Оқушыларға таза парақшалар таратылады. Оған дәл қазіргі кездегі ойындағы кірбіңді, реніштті, қолайсыз көңіл күйді жазу ұсынылады. Жазып болған соң, қоқыс жәшігіне тастайды. Осылайша барлық жағымсыз көңіл күйден арылып, тазарған жүрекпен, көтеріңкі көңіл күймен сабақ басталады. Оқулықтағы тыңдалым және оқылым мәтіндерінің тақырыбын, қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстырады.	Талқылау кезінде оқушылардың айтылған пікірлері мен көзқарастары ***ауызша*** ***мадақтау*** арқылы бағаланып, сабақтың келесі кезеңінде белсенді қатысуына ынталандырады *Жарайсың!* *Керемет шешім! Ойлы шешім!* *Мұндай ойлы пікірлерді ешқашан естімеппін!* Дескрптор	Оқулық 9-сынып «Мектеп» баспасы 2019жыл Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы 9-сынып

Сабақтың ортасы 35 минут	1 -мәтін Мәтіннің тақырыбы Мәтіннің қызметі Мәтіннің құрылымы Мәтіннің тілдік ерекшелігі **А.** Мәтін мазмұнын есте сақтау үшін, жоспарды ретімен орналастырыңдар. Жаһандану – адамзатпен бірге келе жатқан үдеріс. Жаһанданудың бүгінгі бағыты Жаһандану заманында елдігімізді сақтау жолы Жаһандану жайлы таным-түсінік **7-тапсырма** **Сөз мәнін зерделейік!** Түсіндірме сөздіктің көмегімен мәтінде кездесетін сөздер мен сөз қолданыстарының мағынасын түсіндіріңдер. **Қорытындылау** Тыңдалым және оқылым мәтіндеріне сүйеніп, «Жаһандану...» сөзге «ПОПС» формуласы бойынша өз тұжырымыңды білдір. Бірінші сөйлем: «Менің ойымша,….» Екінші сөйлем: «Себебі, мен оны	2-мәтін	Мәтін мазмұнын есте сақтау үшін, жоспарды ретімен орналастырады. Үлгі: **Үдеріс** – Қауырт қозғалыс, қарбалас. **Үрдіс** - 1. Әдет-ғұрып, салт-дәстүр, дағды; 2. Іс-әрекет. **Стратегия** - мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған іс-қимылдары. 2) саяси, әлеуметтік күресті басқару шеберлігі. Тыңдалым және оқылым мәтіндеріне сүйеніп, «Жаһандану...» сөзге «ПОПС» формуласы бойынша өз тұжырымдарын білдіреді.	Білім алушы *-мәтіндердің ұқсастығын анықтайды;* *- мәтіндердің тақырыбы мен қызметіндегі айырмашылық ты көрсетеді;* *- құрылымы мен тілдік ерекшеліктерін салыстырады.* Тапсырмалар ды ноутбук арқылы бағалау  	Оқулық 9-сынып «Мектеп» баспасы 2019жыл

Сабақтың соңы 5 минут	былай түсіндіремін…» Үшінші сөйлем: «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын….» Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім…» **Үйге:** 10-тапсырма **Рефлексия**  	Баспалдақ» әдісі бойынша оқушылар өзін-өзі қандай деңгейде тұрғанын анықтап, бұл сабақты игере алған немесе игере алмағанын айтады.		

Бөлім:	**I бөлім: «Атадан қалған асыл сөз»**	
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты :	Халбаева Д.М.	
Күні:	01.09.2026	
Сынып: 9А	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Ж. Баласағұн «Құтты білік» дастаны	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:	9.1.1.1 әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау 9.2.1.1 эпикалық, поэтикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдарды талдау;	
Сабақтың мақсаты	Көркем шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасай алады. Поэтикалық мәтіндердегі композициялық амалдарды талдай алады.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі// уақыты	**Педагогтің әрекеті**	**Білім алушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басталуы 5 минут	1.Сәлемдесу 2. **Психологиялық ахуал «Әдемі ойлай және демала біл» жаттығуы** Оқушыларға сабақтың тақырыбы, мақсаты, бағалау критерийлері айтылады. **Тақырыптық ақпарат** 1. Жүсіп Баласағұнның өміріне кішігірім тоқталу 2. «Құтты білік» дастаны туралы 3. «Құтты білік» дастанының сюжеттік-композициялық жүйесі	**Психологиялық ахуал «Әдемі ойлай және демала біл» жаттығуы** - Жүргізуші: «Толқыған кезде, асықпай дем алуға үйрен. Түзу отыр, қолдарыңды тізелеріңе салып, көздеріңді жұмыңдар, терең дем алыңдар: - Ойша: «Мен арыстанмын»,- деп деміңді ішке ал, сыртқа шығар; - Дауыстап: «Мен құспын»,- деп деміңді ішке ал, сыртқа шығар; - Дауыстап: «Мен гүлмін»,- деп деміңді ішке ал, сыртқа шығар; - Дауыстап: «Мен сабырлымын»,- деп деміңді шығар. Сен сабырлысың, сенің қолыңнан бәрі келеді	Талқылау кезінде оқушылардың айтылған пікірлері мен көзқарастары ***ауызша мадақтау*** арқылы бағаланып, сабақтың келесі кезеңінде белсенді қатысуына ынталандырады *Жарайсың!* *Керемет шешім!* *Ойлы шешім!* *Мұндай ойлы пікірлерді ешқашан естімеппін!* Дескриптор Білім алушы *-ақын ойын талдайды;* *- достықты сипаттайды;*	Оқулық 9-сынып «Мектеп» баспасы 2019жыл Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы 9-сынып
Сабақтың ортасы 35 минут	Жүсіп Баласағұни, Жүсіп Хас Хажиб Баласағұни (1020) – ақын, ойшыл, ғалым, мемлекет қайраткері. Өмірі туралы мәліметтер аз сақталған. Ол философия, математика, медицина, астрономия, астрология, өнертану, әдебиеттану, тіл білімі, тағы басқа ғылым салаларының дамуына зор үлес қосқан. Жүсіп Баласағұнидің есімі әлемдік әдебиет пен мәдениет тарихында "Құтадғу білік" ("Құтты білік") дастаны арқылы қалды. Жүсіп Баласағұни бұл дастанын хижра есебімен 462 жылы, қазіргі жыл санау бойынша 1070 жылда жазып бітірген. Дастанды "хандардың ханы" – Қарахандар әулеті мемлекетінің (942-1210) негізін салушы Сүлеймен Арслан ханға (908-955) тарту етеді. Сол			

	үшін хан өз жарлығымен Жүсіп Баласағұнига "хас хажиб" – "бас уәзір" немесе "ұлы кеңесші" деген лауазым берген. Дастанның бізге жеткен үш нұсқасы бар. Біріншісі, Герат қаласындағы 1439 жылы көне ұйғыр жазуымен (қазір ол Вена қаласындағы Корольдік кітапханада сақтаулы), екіншісі, 14 ғасырдың 1-жартысында Египетте араб әрпімен (Каирдың Кедивен кітапханасы қорында) көшірілген. Ал Наманған қаласынан табылған үшінші нұсқасы 12 ғасырда араб әрпімен қағазға түсірілген. Бұл қолжазба Ташкенттегі Шығыстану институтының қорында сақтаулы тұр. Ғалымдар осы үш көшірме нұсқаның әрқайсысына тән өзіндік ерекшеліктерді жинақтай отырып, "Құтты білік" дастанының ғылымының негізделген толық мәтінін жасап шықты. Венгер ғалымы Герман Вамбери (1832-1913) "Құтты біліктің" бірнеше тарауын неміс тіліне аударып, 1870 жылы Инсбрук қаласында жеке кітап етіп бастырып шығарды. Бұл шығарма ғылымының мәтінін дайындау және аударма жасау ісімен орыс ғалымы В.В. Радлов (1837-1918) жиырма жыл бойы (1890-1910) айналысқан. Түркия ғалымдары 1942-43 жылдары "Құтты біліктің" үш нұсқасын да Стамбұлдан үш том кітап етіп шығарды. "Құтты білік" дастаны орта ғасырларда бүкіл түркі әлеміне түсінікті болған Карахан әулеті мемлекеті түріктерінің тілінде жазылған. Оны Каримов өзбек тіліне (1971), Н.Гребнев (1971) пен С.Иванов орыс тіліне (1983), А.Егеубаев қазақ тіліне (1986), бір топ аудармашылар ұйғыр тіліне (1984) тәржімалаған. Поэманы толық көлемінде неміс тіліне аударысымен және түпнұсқасымен 1891-1900 жылдары В. В. Радлов ғылым әлеміне паш етті. 1896 ж. К. Керимов өзбек тіліне аударды. 1971 жылы Н. Гребнев "Бақытты болу ғылымы" деген атпен еркін аударма жасады. 1983 жылы С. Н. Иванов "Благодатное знание" деген атпен орыс оқырмандарына		*-ақыл-білім туралы ой айтады;* *-шығарма сюжетіндегі тіл туралы ойды жазады.* Берілген тапсырмалардың барлығын жетон арқылы бағалау 	Оқулық 9-сынып «Мектеп» баспасы 2019жыл

7 минут	ұсынды. Ал 1986 жылы бұл дастанды ақын А. Егеубаев қазақ тіліне аударды. А. Н. Романов пен С. Н. Иванов: "Жүсіп Баласағұнның "Құтты білік" поэмасы - ең алғаш, ең көне, әзірше жалғыз, мұсылман идеологиясының негізінде, осы идеологияны уағыздаушы ретінде "түркі тілінде жазылған шығарма",-деп баға береді. Кітапқа көшпенділер тұрмысы мен аңшылық өнерін көрсететін нақыл сөздер, мақал-мәтелдер, тұрақты сөз тіркестері енген. **Ой түрткі** 1. Ел басқарған әкім болу үшін адам бойында қандай қасиеттер болу қажет деп ойлайсыңдар? 1-топ: Әділ болу үшін не істеу керек? 2-топ: Ақылды, зерек адам елді жалғыз өзі басқара ала ма? 3-топ: Қандай адамдар билік жүргізе алмайды? **1-тапсырма:** Ж.Баласағұнның «ақыл, білім, білік, дағды» ұғымдарына қандай анықтамалар бергенін жалғастырыңдар: Білім: «Білім – інжу, түбінде - анық, қойма сан»; «Ақыл- шырақ , қара түнді ашатын, білім – жарық, нұрын саған шашатын» ; «Білім – байлық , азаймас һәм жоғалмас, еш қарақшы, ұрыға да Білік: «Ақыл қайда болса, ұлылық толады, білім кімде болса, сол білікті болады»; «Біліктіні тыңда, ақылдың бұлағы, білімді сөз –шырын, жанның құнары»; «Білік мәнін біл, не дейді білген ер: білім білсең, бәле Дағды: «Білік берді – адам бүгін жетілді, ақыл берді- талай түйін шешілді»; «Оқу-тоқу берер – білім, парасат, оның бәрі ақыл емес, қарасақ».	Сызбаны толтырады. Ақын ойын талдап көрсетеді. Достықты сипаттап, ақыл-білім туралы ой айтады. *шығарма сюжетіндегі тіл туралы ойды жазады.* Шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасайды "Құтты білік" дастаны белгілі бір мағынада елдегі Ата заң (Конституция) қызметін атқарған. Дастанның басты идеясы төрт принципке негізделген. Біріншісі, мемлекетті дұрыс басқару үшін қара қылды қақ жаратындай әділ заңның болуы. Автор әділдіктің		

тоналмас! »	жүрмес іргеден».		

2-тапсырма:
Жұптық жұмыс:
Оқиғаның басталуы
_____
Оқиғаның дамуы_____
Оқиғаның байланысуы _____
Оқиғаның шиеленісуі _____
Оқиғаның шарықтау шегі _____
Оқиғаның шешімі _____

3-тапсырма:
Жеке жұмыс:

Ж.Баласағұнның адам бойындағы жағымды-жағымсыз қасиеттері туралы ойын жазыңыз.	Адал достық пен амал достықтың сипаты қандай?	Ақыл-білім туралы не айтылды?	Тіл туралы не деді?

1.Жүсіп Баласағұн жайлы не білесіңдер?
2. «Құтты білік» шығармасының кейіпкерлері туралы не айтар едің?
3. Құтты білік» шығармасы кімге арналған?
4.Ж.Баласағұн аталған еңбегі үшін қандай атақ алды?
5.Үзіндіде адамның қандай қасиеттері болады?

Үйге: 3 - тапсырма 10 -бет
Рефлексия



символдық бейнесі ретінде Күн туды патшаны көрсетеді. Екіншісі, бақ-дәулет, яғни елге құт қонсын деген тілек. Бақ-дәулет мәселесі патшаның уәзірі Айтолды бейнесі арқылы жырға қосылған.


Оқиғаның басталуы
Айтолды данышпанның Күнтуды патшаны іздеуі
Оқиғаның байланысуы
Күнтуды патшаның Айтолдыны сынауы
Оқиғаның дамуы
Айтолдының ауыр дертке шалдығып, ұлына өсет айтуы
Оқиғаның шиеленісуі
Өгдүлміштің паша қызметкері болуы, көзге түсуі
Оқиғаның шарықтау шегі
Өгдүлміштің Одғұрмышты ізден табуы
Оқиғаның шешімі
Одғұрмыштың қызметтен бас тартуы, Одғұрмыштың Ауыр дертке шалдығып қайтыс болуы

Сұрақтарға жауап береді.

Сабақтың аяқталуы
5 минут

Бөлім:	**I бөлім: «Атадан қалған асыл сөз»**	
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты :	Халбаева Д.М.	
Күні:	02.09.2026	
Сынып: 9А	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Ж. Баласағұн "Құтты білік". Адам баласының қадір-қасиеті біліммен, ақылмен екендігі айтылады.	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:	9.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану	
Сабақтың мақсаты	Көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдана алады.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі// уақыты	Педагогтің әрекеті	Білім алушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басталуы 5 минут	1. **Психологиялық ахуал «Амандасып алайық»** https://wordwall.net/ru/resource/53248984  Оқушыларға сабақтың тақырыбы, мақсаты, бағалау критерийлері айтылады. **Ой түрткі** Кейіпкерлер бойынан қандай қасиеттерді байқадың? **Топтық жұмыс** Кейіпкер бойындағы басты қасиеттер мен олардың ұстанымдарын айтыңыз **1-топ:** Күнтуды **2-топ**: Айтолды **3-топ:** Өгдүлміш **4-топ**: Одғұрмыш	**Психологиялық ахуал** Wordwall платформасы арқылы «Амандасып алайық» Оқушылар бірі-бірімен сандары таңдау арқылы берілген суреттерге қарап, амандасады. Кейіпкерлер бойындағы басты қасиеттеріне талдау жасайды. Сұрақтарға жауап береді. Кейіпкер бойындағы басты қасиеттер мен олардың ұстанымдарын айтады.	Талқылау кезінде оқушылардың айтылған пікірлері мен көзқарастары ***ауызша мадақтау*** арқылы бағаланып, сабақтың келесі кезеңінде белсенді қатысуына ынталандырады *Жарайсың! Керемет шешім! Ойлы шешім! Мұндай ойлы пікірлерді ешқашан естімеппін!* Дескриптор Білім алушы - үзінді бойынша өз нұсқасын жазады; -шығармашылықпен орындайды	Оқулық 9-сынып «Мектеп» баспасы 2019жыл Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы 9-сынып

1-тапсырма
Жеке жұмыс
Автордың адам баласының қадір-қасиеті біліммен, ақылмен екендігі туралы ойларын, түсініктемесін оқи отырып, өз нұсқаңызды жазып көріңіз

Ж. Баласағұнның ойы	Менің ойым
Білік берді – адам бүгін жетілді, Ақыл берді - талай түйін шешілді. «Ақыл қайда болса, ұлылық толады,Білім кімде, сол білікті болдады.	

2-тапсырма
Автордың адам бойындағы құндылықтарды не жоятыны туралы берген түсініктемесін оқи отырып, өз нұсқаңызды жазып көріңіз.

Жүсіп Баласағұнның ойы	**Сенің ойың**
- біріншісі – ақыл, оны ашулану, өшігу күңгірттендіреді	-біріншісі- ақыл,...
-екіншісі – достық, оны күншілдік бұзады	-екіншісі- достық,..
үшіншісі – ұят, оны тойымсыздық ашкөздік жояды,	-үшіншісі- ұят, ...
төртіншісі – жақсы тәрбие; оған нашар орта әсер етуі мүмкін	-төртіншісі- жақсы тәрбие, ...
бесіншісі – бақыт, ал оны қызғаншақтық бүлдіреді	-бесіншісі- бақыт, ...

4-тапсырма (оқулықтан)
«Ақыл –бұйда, ере түссең жетелер,
Сансыз арыз тілегіңе жетер ер!» деген жолдардың мағынасын ашып, ақын ойын нақтылайық.


Үйге: Кейіпкерлеріне талдау
Рефлексия
«Білім поштасы»

Автордың тіл туралы ойларын, түсініктемесін оқи отырып, өз нұсқаларын жазады.

Автордың адам бойындағы құндылықтарды не жоятыны туралы берген түсініктемесін оқи отырып, өз нұсқаларын жазады.

Дескриптор
Білім алушы
-автор түсініктемесін талдайды,
-өз нұсқасын жазады.

Берілген тапсырмалар дың барлығына **«ноутбук»** арқылы өзін-өзі бағалау жүргізеді.



Дескриптор
Білім алушы
-үзіндінің мағынасын ашады,
-ақын ойын қорытындылайды.


Оқулық 9-сынып «Атамұра Мектеп» баспасы 2019жыл

Сабақтың соңы 5 минут	1.Менің ойымша... 2.Себебі... 3.Мысалы... 4.Қорыта айтқанда...			

Бөлім:	**I бөлім: «Атадан қалған асыл сөз»**	
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты :	Халбаева Д.М.	
Күні:	07.09.2024	
Сынып: 9А	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Ж. Баласағұн "Құтты білік". Тіл өнерінің қасиет-сипаты мен пайда-зияны айтылады.	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:	9.2.2.1 автор бейнесінің идеялық-стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасау;	
Сабақтың мақсаты	Автор бейнесінің идеялық-стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасай алады.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі// уақыты	**Педагогтің әрекеті**	**Білім алушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басталуы 5 минут	1. **Психологиялық ахуал «Амандасып алайық»** https://wordwall.net/ru/resource/53248984  Оқушыларға сабақтың тақырыбы, мақсаты, бағалау критерийлері айтылады. **Ой түрткі**	**Психологиялық ахуал** Wordwall платформасы арқылы «Амандасып алайық» Оқушылар бірі-бірімен сандары таңдау арқылы берілген суреттерге қарап, амандасады.	Талқылау кезінде оқушылардың айтылған пікірлері мен көзқарастары ***ауызша мадақтау*** арқылы бағаланып, сабақтың келесі кезеңінде белсенді қатысуына ынталандырады *Жарайсың! Керемет шешім! Ойлы шешім! Мұндай ойлы пікірлерді ешқашан естімеппін!*	Оқулық 9-сынып «Мектеп» баспасы 2019жыл Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы 9-сынып
Сабақтың ортасы 35 минут	**1-тапсырма** **Жеке жұмыс** Автордың тіл туралы ойларын, түсініктемесін оқи отырып, өз нұсқаңызды жазып көріңіз **Ж. Баласағұнның ойы** / **Менің ойым**	Автордың тіл туралы ойларын, түсініктемесін оқи отырып, өз нұсқаларын жазады.	Дескриптор Білім алушы - үзінді бойынша өз нұсқасын жазады; -шығармашылықпен орындайды	

	-Тіл қадірлі етер, ерге бақ қонар, Қор қылар тіл, кететұғын бас болар; -Тіл арыстан, есік баққан ашулы, Үй иесі, сақтан, жұтар басыңды! - Тіліңді бақ, басың аман болады, Сөзді қысқа айт, жасың ұзақ болады	-Тіл қадірлі етер, ... -Тіл арыстан... .. Тіліңді бақ.....		Дескриптор Білім алушы *-автор түсініктемесін талдайды,* *-өз нұсқасын жазады.*	Оқулық 9-сынып «Мектеп» баспасы 2019жыл
	2-тапсырма (оқулықтан) «Тіл –арыстан, есік баққан ашулы, Сақ болмасаң, жұтар ерім басыңды!» деген жолдардың астарын түсініп, осы пікірге қатысты өз көзқарастымызды білдірейік. **3-тапсырма** Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанының идеясын анықтаңыз. Ақын қолданған «тіл» сөзінің мағынасын ашыңыз. Шығарманың идеясы ТІЛ ТІЛ ТІЛ Жүсіп Баласағұн шығармасындағы ақынның ел басқарудағы әміршінің қадір-қасиетіне, мінез-құлқына, қоғамға деген көзқарасын анықтап, шығармадағы тақырыпты, ой үндестігін табыңыз, 2 сөйлеммен түйін сөз жазыңыз. **Тақырып ой үндестігі түйін сөз** **3-тапсырма** Төмендегі үзіндіні негізге ала отырып, «Құтты білік» дастанының идеясы мен авторының стиліне баға беріңдер. *Кітаптар көп арабша да, тәжікше,* *Біздің тілде бұл жалғыз-ақ әзірше.* *Тек білікті білер мұның түйінін,* *Ақылды ұзақ ақыл-ойдың қиынын.* *Біл, түрікше жырмен жазып арнадым,*	«Тіл –арыстан, есік баққан ашулы, Сақ болмасаң, жұтар ерім басыңды!» деген жолдардың астарын анықтап, осы пікірге қатысты өз көзқарастарын білдіреді. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанының идеясын анықтаңыз. Ақын қолданған «тіл» сөзінің мағынасын ашады.. Жүсіп Баласағұн шығармасындағы ақынның ел басқарудағы әміршінің қадір-қасиетіне, мінез-құлқына, қоғамға деген көзқарасын анықтап, шығармадағы тақырыпты, ой үндестігін табады, 2 сөйлеммен түйін сөз жазады. Берілген үзіндіні негізге ала отырып, «Құтты білік» дастанының идеясы мен	Берілген тапсырмалардың барлығына **«ноутбук»** арқылы өзін-өзі бағалау жүргізеді.  Дескриптор Білім алушы *- ел басқарудағы әміршінің қадір-қасиетіне, мінез-құлқына, қоғамға деген көзқарасын анықтайды,* *-тақырыпты анықтайды,*	

Сабақтың соңы 5 минут	*Дұға қылсаң, мені ұмытып қалмағын.* **Үйге: 5- тапсырма** **Рефлексия** «Білім поштасы» 1.Менің ойымша... 2.Себебі... 3.Мысалы... 4.Қорыта айтқанда...	авторының стиліне бага береді. 	*-ой үндестігін табады,* *-түйін сөзді екі сөйлеммен жазады.*	

Бөлім:	**I бөлім: «Атадан қалған асыл сөз»**		
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты :	Халбаева Д.М.		
Күні:	08.09.2026		
Сынып: 9А	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:	Ж. Баласағұн "Құтты білік". Білім, ақылдың қасиеттерін, пайдасын айтады.		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:	9.3.1.1 шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау;		
Сабақтың мақсаты	Шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалай алады		

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі// уақыты	**Педагогтің әрекеті**	**Білім алушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басталуы 5 минут	**Ұйымдастыру кезеңі** Амандасу. Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу. **Психологиялық ахуал тудыру кубигі** 1.Амандас 2. Құшақтас 3.Тілек айт 4.Мақта 5.Күлкі сыйла 6.Би қимылдарын бірге қайтала **Ой түрткі** Жүсіп Баласағұнның нақыл сөздері арқылы топқа бөлініп, нақыл сөздердің мағынасын ашыңдар. 1-топ: Ақыл, білім тілмашы – тіл. 2-топ: Біліп айтқан сөз білікті саналар 3-топ: Бір сөзбен шеш түмен сөздің түйінін. **1-тапсырма(оқулықтан)** Ж.Баласағұн ақыл мен білімді қалай сипаттайды? Автор ойын анықтай отырып, кестені әрі қарай жалғастыр. **2-тапсырма** Берілген формула бойынша Ж. Баласағұн "Құтты білік" дастанының тарихи құндылығына баға беріңіз. 1.Менің ойымша 2.Себебі мен оны былай түсіндіремін	**Психологиялық ахуал тудыру кубигі** арқылы кубиктердегі Тапсырмаларды бірге қайталап, оқушылар өз бойларына жағымды ахуал қалыптастырады. Берілген формула бойынша Ж. Баласағұн "Құтты білік" дастанының	Талқылау кезінде оқушылардың айтылған пікірлері мен көзқарастары ***ауызша мадақтау*** арқылы бағаланып, сабақтың келесі кезеңінде белсенді қатысуына ынталандырады *Жарайсың!* *Керемет шешім!* *Ойлы шешім!* *Мұндай ойлы пікірлерді ешқашан естімеппін!* Дескриптор Білім алушы *-өз ойын шаблонға сүйеніп жеткізеді* *-шығарманың тарихи*	Оқулық 9-сынып «Мектеп» баспасы 2019жыл Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы 9-сынып Оқулық 9-сынып «Мектеп» баспасы

	3.Оны мен мына мысалдармен, фактілермен дәлелдей аламын 4.Осыған байланысты мен мынадай шешімге келдім **3-тапсырма** Ж. Баласағұн "Құтты білік" дастаны несімен құнды? Шығарманың көркемдік құндылығы туралы ойыңызды 5-6 сөйлеммен сабақтап, нақты 2 мысал келтіріңіз. **4-тапсырма** Ж. Баласағұн "Құтты білік" дастаны несімен ерекше? 3 ерекшелігін жазыңыз. **5-тапсырма** Төменде көрсетілген үзіндінің жалғасын тауып оқып, ұрпақтар сабақтастығы идеясының өміршеңдігіне баға беріңдер. *Ақыл –шырақ, қара түнді ашатын,* *Білім – жарық, нұрын сағаң шашатын.* *Ақыл болса, асыл болар – болса ер,* *Білім болса, бектік қылар – қылса ер.* **Жұптық жұмыс** Баласағұнның бектерге айтқан өсиетін Абай өлеңдерімен салыстыра отырып, баға беріңдер. Ж.Баласағұн қандай бес нәрседен алыс бол лейді? - Абай қандай бес нәрседен қашық бол лейді? = Екеуіне тән қандай ортақ ой бар? **Үйге: -тапсырма** **Рефлексия**	тарихи құндылығына баға береді. Шығарманың көркемдік құндылығы туралы ойларын 5-6 сөйлеммен сабақтап, нақты 2 мысал келтіреді. 3 ерекшелігін атап көрсетеді. 1.Адам баласының қадір-қасиеті біліммен, ақылмен көрінетіндігі 2. Тіл өнерінің қадір-қасиеті, сипаты 3.Білім, ақылдың сипаты Абай: Өсек, өтірік, мақтаншақ, Еріншек, бекер мал шашпақ. Баласағұн: 1.надан, 2.жалған айту, 3.қырсық, қиқар қылығы, 4.зымияндық, 5. ашулы,	*құндылығына баға береді* *-өз ойын мысалдармен, фактілермен дәлелдейді;* *-қорытынды жасайды* *-шығарманың көркемдік құндылығын анықтайды* *-өз ойын нақты 2 мысалмен дәлелдейді* *-ойын 5-6 сөйлеммен жинақы жеткізеді* ***Жеке жұмысты бағалау*** ***Алшы*** *– (9-10 балл)* ***Тәйке*** *(тауа) – (7-8 балл)* ***Бүге*** *(бүк) – (4-6 балл)* ***Шіге*** *(шік) – (1-4 балл)*	2019жыл

Сабақтың аяқталуы 5 минут	